

«Қазақстан Республикасындағы ұлтаралық келісімді нығайтудағы Н.Ә.Назарбаевтың рөлі» атты кураторлық сағат аясында Қазақстан Республикасының Ұлттық мұражайына саяхат туралы ақпарат.

2015 жылдың 12 наурызында куратор М.К. Какимжанова энергетикалық факультеттің 307 тобымен Қазақстан Республикасының Ұлттық мұражайында болды. Қазақстан Республикасының Ұлттық мұражайы - Орталық Азиядағы ең жас әрі ең ірі мұражайлардың бірі. Мұражай Қазақстан Республикасының Президентінің тапсырмасымен «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының жүзеге асырылуы барысында салынған болатын.

Ұлттық мұражай өзінің құрамында келесідей залдарды қамтиды: Астана залы, Тәуелсіз Қазақстан залы, Алтын залы, Ежелгі және орта ғасыр тарихы залы, Тарих залы, Этнография залы, Заманауи өнер залы. Мұражайды аралау барысында студенттер тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің нығаюындағы Н.Ә.Назарбаевтың рөлін ерекше атап өтті. Студенттер Н.Ә.Назарбаевты көшбасшы ретінде танып, сайлау науқанының алдында оған өздерінің қолдауларын көрсетіп, сайлауда жеңіске жетуін тіледі.



Куратор: М. К.Какимжанова